

# STIHL

## STIHL SR 430, 450

Қолдану нұсқаулығы  
Инструкция по эксплуатации



ⓀⓏ Қолдану нұсқаулығы  
1 - 42

ⓂⓈ Инструкция по  
эксплуатации  
43 - 84

## Мазмұны

Қолдану нұсқаулығына	2	ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты	41
Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы	2	Мекенжайлар	41
Құрылғының жиынтықтамасы	11		
Кедергіштің жапқышын басқару арқанын реттеу	14		
Аспалы белдік	15		
Жанармай	15		
Жанармайды толтырып құю	16		
Іске қосудың алдындағы ақпарат	17		
Моторды іске қосу / тоқтату	18		
Қолдану жөніндегі нұсқаулар	20		
Қажетті ерітіндіні белгілеу	21		
Мөлшерлеуіш	22		
Шашырату және себу атқарымы	24		
Ерітінділерге арналған сұйыққойманы толтыру	27		
Жұмыстар	28		
Жұмыс аяқталғаннан кейін	29		
Құрылғыны сақтау	30		
Ауа сүзгісін ауыстыру	30		
Карбюраторды ретке келтіру	31		
От алдыру білтесі	32		
Мотордың жұмысы	33		
Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар	34		
Тозуды азайту және ақаулардың алдын алу	36		
Маңызды толымдаушылары	37		
Техникалық сипаттамалар	38		
Жөндеу бойынша нұсқаулар	40		
Кәдеге жарату	40		

Құрметті сатып алушылар,

STIHL фирмасының жоғары сапалы бұйымын сатып алуға бел байлағаныңыз үшін үлкен рахмет айтамыз.

Аталған бұйым өндірістің озық технологияларын қолдана отырып, сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды ескере отырып дайындалған. Осы агрегат Сіздің көңіліңізден шығуы үшін және оны өш кедергісіз қолдануыңыз үшін біз қолымыздан келгеннің барлығын істеуге тырысамыз.

Егер Сізде агрегатыңызға қатысты сұрақтар туындаса, өз дилеріңізге немесе біздің өткізу компаниямызға жүгінуіңізді сұраймыз.

Сіздің



Др. Nikolas Stihl

Хлормен ағартылған қағазда басылып шығарылған  
Басып шығаратын боюлардың құрамында өсімдік майлары  
бар. Қағазды қайта өңдеуге болады.

© ANDREAS STIHL AG & Co. KG, 2020  
0458-454-4921-D\_VA2.D20.  
0000006960\_009\_KZ

# STIHL

SR 430, SR 450

Осы қолдану нұсқаулығы авторлық құқықпен қорғалған Барлық құқықтар, әсіресе тарату, аудару және электроникалық жүйелермен өңдеу құқықтары сақталады.

## Қолдану нұсқаулығына


### Графикалық бейнелеулер

Агрегатқа жабыстырылған графикалық бейнелеудің анықтамасы, осы пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

Агрегаттың түріне және жарақтандыруына байланысты, құрылғыға келесі графикалық бейнелеулер, яғни нышандар жабыстырыла алады.



Жанармай бағы; бензин мен мотор майының жанармай қоспасы



Қолмен атқарылатын жанармай сорғысын іске қосу



Бұрку атқарымы



Шашырату және себу атқарымы



Ерітіндіні беру

### Мәтін бөлімдерінің белгіленуі



#### Сақтандыру

Жазатайым оқиғаның және жарақат алудың, сонымен қатар күрделі материалдық нұқсанның қаупі жайында адамдарға ескерту.



#### Нұсқау

Құрылғының немесе жекелеген толымдаушылардың бүліну мүмкіндігі жайында ескерту.

### Техникалық өзірленім

STIHL компаниясы барлық машиналарды және құрылғыларды одан әрі әзірлеумен ұдайы айналысуда; сондықтан пішін, техника және жабдықтар бойынша жеткізілімнің толымдаушыларына барлық өзгерістерді енгізу құқығын өзімізге қалдыруға тиіспіз.

Сол себепті осы қолдану жөніндегі нұсқаулықтың нұсқауларына және суреттеріне қатысты ешқандай кінәраттар тағыла алмайды.

## Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы



Агрегатпен жұмыс істеген кезде айрықша қауіпсіздік іс-шараларын сақтау қажет болады.



Алғаш рет қолданысқа енгізген кезде, пайдалану нұсқаулығымен мұқият танысып алыңыз және алдағыда пайдалану үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз. Пайдалану нұсқаулығын ұстанбасаңыз, өмірге қауіп төнуі мүмкін.

Қауіпсіздік нұсқауларына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбекті қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.

Агрегатпен алғаш рет жұмыс істейтін әрбір адам: Агрегатты қалай қолдану керектігі туралы білікті маманнан немесе басқа маманнан нұсқау алуы керек – немесе арнайы оқу курсынан өтуі қажет.

Қараумен оқытылып жатқан 16 жасқа толған жас адамдарды қоспағанда, кәмелеттік жасқа толмағандарға құрылғымен жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Балалар, жануарлар және бөгде адамдар алшақ жерде болуы тиіс.

Агрегат қолданылмаса, оны ешкімге кедергі келтірмейтіндей етіп басқа жерге қойған жөн. Құрылғыны рұқсатсыз қолданудан қорғаңыз.

Пайдаланушы жазатайым оқиғалар үшін немесе басқа адамдарға немесе олардың мүлкіне төнетін қауіп үшін жауапты болады.

Агрегатты, оның осы үлгісімен мұқият танысып алған және қолдануға жақсылап үйретілген адамдарға ғана беруге немесе жалға беруге рұқсат етіледі – әрқашан пайдалану нұсқаулығын көрсетіңіз.

Қатты шуыл шығаратын қозғалтқыштың агрегатының қолданылуы, уақыт өте келе ұлттық және жергілікті нұсқаулармен шектеле алады.

Агрегаттың бірде-бір толықтырушы бөлшектері зақымданбаған болса ғана, оны қолданысқа енгізуге болады. Өсіресе, ерітінділерге арналған сұйыққойманың герметикалығын байқап тұрыңыз.

Агрегатты тек толықтай монтаждalған жағдайда ғана қолданыңыз.

Агрегатты тазарту үшін жоғары қысымды жуғыштарды қолданбаңыз. Судың қатты ағыны агрегаттың бөлшектерін бүлдіре алады.

### **Жұмыс істеуге талап етілетін физикалық күйі**

Агрегатпен жұмыс істейтін адамдар демалған, дені сау болуы керек және дене күшінің жағдайы жақсы болуы қажет. Денсаулық жағдайы бойынша

жүктеме ұсынылмаған адамдар, мотоқұрылғымен жұмыс істей алатындығы туралы дәрігерден кеңес алуы тиіс.

Имплантицияланған кардиостимуляторы бар адамдарға ғана: Аталған қозғалтқыштың агрегатының от алдыру жүйесінен өте аз ауқымдағы электр магнит өрісі туындайды. Кардиостимуляторлардың жекелеген түрлеріне электр магниттік өрістің тигізетін әсерін толықтай алып тастауға болмайды. Денсаулыққа төнетін қауіптен сақтану мақсатында STIHL компаниясы емдеуші дәрігерге және кардиостимулятордың дайындаушысына жүгінуге ұсыныс береді.

Алкогольді, жауап қайтару қабілетін төмендететін дәрілерді немесе есірткіні тұтынғаннан кейін агрегатпен жұмыс істеуге болмайды.

### **Қолданылу саласы**

Бүркуіш саңырауқұлақтардан және зиянкестерден қорғануға, сондай-ақ арамшөптерді жоюға арналған құралдарды жер беткейінде шашыратуға жарамды. Қысым сорғысы монтаждalған агрегаттар бастан жоғары жерде жұмыс істеу үшін қолданыла алады. Қолданылу саласы – жеміс, көкөніс өсіру, шарапшылық пен диқаншылық, егіншілік, сәндік өсімдіктерді өсіру, бағбандық жер және орман шаруашылығы болып табылады.

Бүркуіштермен бірге қолдануға рұқсат етілетін өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың қолайлы үлгілерін ғана қолданыңыз.

Агрегаттарды мақсатына сай қолдану қажет, керісінше жағдайда, жазатайым оқиғалардың орын алуы немесе агрегаттың бүлінуі мүмкін. Құрылғының құрылымына қандай да бір өзгеріс енгізуге тыйым салынады, себебі осы жағдайда, жазатайым оқиғалардың орын алуы немесе құрылғының бүлінуі мүмкін.

### **SR 450 үлгісінде қосымша ретінде**

Шашырату және себу атқарымында қолданған кезде, өсімдіктерді қорғауға арналған құрал кең ауқымда, ұнтақты немесе құрғақ түйірлерді себуге болады.

Шашыратқыш және сепкіш агрегатпен бірге қолдануға рұқсат етілетін өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың қолайлы үлгілерін ғана қолданыңыз.

### **Құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектер**

STIHL компаниясы тарапынан осы агрегатқа рұқсат берілген немесе өзінің техникалық сипаты жағынан ұқсас болып келетін бөлшектер мен құрал-жабдықтарды ғана монтаждаңыз. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз. Жоғары сапалы бөлшектерді немесе құрал-жабдықтарды ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алу қаупі немесе құрылғының бұзылу қаупі төне алады.

STIHL компаниясы, STIHL компаниясының түпнұсқалы бөлшектерін және құрал-жабдықтарын қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің сипаты жағынан агрегатпен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Агрегаттың құрылымына қандай да бір өзгерістерді енгізбеңіз, бұл жағдайда қауіптілік төнуі мүмкін. STIHL компаниясы қолданысқа рұқсат етілмеген аспалы агрегаттарды қолданудың салдарынан адамға және мүлікке келтірілген нұқсан үшін жауапты болмайды.


### Киімдер мен жарақтар

Агрегатты қолданған, толтырған және тазартқан кезде белгіленген киімдер мен жарақтарды ғана қолданыңыз. Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығында келтірілген қорғаныс жарақтарына қатысты нұсқауларды сақтаңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарға былғанып қалған жұмыс киімін дереу басқасына ауыстырыңыз.



Киім денеге тиіп тұруға тиіс және жұмыс істеген кезде кедергі келтірмеуі керек.



Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың кейбірін қолданған кезде, су өткізбейтін қорғаныс костюмін кию керек болады.

Бастан жоғары жерде жұмыс істеген кезде, үстеме ретінде, басқа арналған су өткізбейтін бас киімді киіңіз.



Жұмыс істеген кезде, ауаны соруға арналған саңылауға тартып әкетіле алатын киімді кимеңіз, мойынорағышты, галстукты, әшекейлерді тақпаңыз. Ұзын шашты иықтан жоғары болатындай және агрегатқа тартылмайтындай етіп ораңыз және бекітіңіз.



Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың ықпалына ұшырамайтын және су өткізбейтін қырлы табаны бар қорғаныс етігін киіңіз.

Жалаң аяқ болып немесе сандал киіп жұмыс істемеңіз.

### **! Сақтандыру**



Көзге жарақат келтіру қауіптілігін төмендету үшін EN 166 стандартына сәйкес қорғаныс көзілдірігін пайдаланыңыз. Қорғаныс көзілдірігінің дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз.

Тыныс алу мүшелеріне арналған тиісті қорғаныс құралын қолданыңыз.

Есту мүшелерін қорғайтын "жеке" құралдарды, мысалы естуді қорғауға арналған капсуланы қолданыңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың иісі денсаулыққа зиян келтіре алады. Денсаулықты сақтау немесе аллергиялық реакциялардан қорғау үшін тыныс алу мүшелеріне арналған тиісті қорғаныс құралын қолданыңыз. Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарды пайдалану нұсқаулығында көрсетілген нұсқауларды, қауіпсіздік нұсқауларына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбекті қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.



Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың ықпалына ұшырамайтын және су өткізбейтін қолғап киіңіз.

## Өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен жұмыс істеу

Әрбір рет қолданудың алдында өсімдіктерді қорғауға арналған құралдарды пайдалану нұсқаулығын оқыңыз. Араластыру, қолдану, жеке қорғаныс жарақтандыруы, сақтау және кәдеге жарату жөніндегі нұсқауларды сақтаңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану жөніндегі заңнама нормаларын ұстаныңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың құрамында адамдарға, жануарларға, өсімдіктерге және қоршаған ортаға зиян келтіре алатын ингредиенттер болуы мүмкін – **улану және өмірге қауіпті жарақат алу бойынша қауіптілік төне алады!**

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалануға және алғашқы көмек көрсетуге үйретілген тұлғалар ғана өсімдіктерді қорғауға арналған құралды қолдана алады.

Апаттық жағдай орын алған кезде, өсімдіктерді қорғауға арналған құрал жайында дәрігерге дереу хабарлауға болатындай, өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығын немесе заттаңбасын дайын ұстаңыз. Апаттық жағдай орын алса, өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығында немесе заттаңбасында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.

## Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды дайындау

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды өндірушінің деректеріне сай келетін ерітінді күйінде ғана дайындаңыз – қоспалар пропорциясы дұрыс емес болса, улы булар немесе жарылғыш қоспа түзіле алады.

- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың сұйық түрін ешқашан да сұйылтпай шашыратпаңыз
- Ерітіндіні тек далада немесе жақсы желдетілетін орынжайда ғана дайындаңыз және құйыңыз
- ерітіндінің артық мөлшері қалмауы үшін тек қана қажет болған мөлшердегі ерітіндіні дайындаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың әр түрін араластырған кезде, өндірушінің деректерін ұстаныңыз – қоспалар пропорциясы дұрыс емес болса, улы булар немесе жарылғыш қоспа түзіле алады
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың әр түрін араластыруды өндіруші мақұлдаған болса ғана оларды бір-бірімен араластыруға болады

## Ерітінділерге арналған сұйыққойманы толтыру

- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тек далада немесе жақсы желдетілетін орынжайда ғана дайындаңыз және толтырыңыз
- Агрегатты тегіс қабатқа орнатыңыз – ерітінділерге арналған сұйыққойманы ең жоғары белгіден асырып толтырмаңыз
- Агрегатты толтырған кезде арқаға аспаңыз – **жарақат алу қаупі төне алады!**
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың артық мөлшері қалмауы үшін тек қана қажет болған мөлшердегі ерітіндіні толтырыңыз
- Толтырудың алдында қақпақша иінтірегін және SR 450 агрегатындағы мөлшерлегіш иінтіректі де жабу керек
- құбыржол торабынан толтырған кезде, толтыруға арналған шлангты қоспаға түсірмеңіз – құбыржол торабындағы вакуум, ерітіндіні құбыржол жүйесіне сорып әкете алады
- ерітіндімен толтырудың алдында, таза сумен байқалатын іске қосу жасаңыз және агрегат бөлшектерінің барлығының герметикалығын тексеріңіз
- Ерітінділерге арналған сұйыққоймадағы қақпақта толтырып болғаннан кейін нықтап жауып қойыңыз

## Пайдалану

- далада немесе жақсы желдетілетін орынжайларда, мысалы, ашық орынжайларда ғана жұмыс жасаңыз
- өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен жұмыс істеген кезде тамақ ішпеңіз, шылым шекпеңіз, иіскемеңіз және сұйықтық ішпеңіз
- Қондырмалар мен басқа ұсақ бөлшектерді ешқашан да ауызбен үрлемеңіз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралмен жанаспаңыз – өсімдіктерді қорғауға арналған құралға былғанып қалған киімді дереу басқасына ауыстырыңыз
- жел соғып тұрған кезде ешқашан да жұмыс істемеңіз

Қолайсыз ауа райы, өсімдіктерді қорғауға арналған құралдардың жұрыс емес концентрациясының себепшісі бола алады. Артық мөлшерлеме, өсімдіктерді зақымдауы және қоршаған ортаға нұқсан келтіруі мүмкін. Кем мөлшерлеме, өсімдіктерді өңдеудің қалаулы нәтижесіне жеткізе алмайды.

Өсімдіктер мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу мақсатында, агрегатты келесі жағдайларда ешқашан да қолданбаңыз:

- жел соғып тұрған кезде
- 25 °C-ден жоғары температурада, көлеңкеде
- тікелей күн сәулесі тиген кезде

Агрегатқа зиян келтірмеу және жарақат алмау мақсатында, агрегатты келесі заттармен бірге ешқашан да қолданбаңыз:

- тұтанатын сұйықтықтармен
- қою және жабысқақ сұйықтықтармен
- күйдіретін және қышқылды құралдармен
- Температурасы 50 °C-ден асатын сұйықтықтармен

## Сақтау

- Жұмысты доғарған кезде, агрегатты тікелей күн сәулелерінің және жылу қайнарларының әсеріне ұшыратпаңыз
- Ерітіндіні ерітінділерге арналған сұйыққоймада бір күннен ұзақ сақтамаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тек рұқсат етілген сыйымдылықтарда ғана сақтаңыз және тасымалдаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тағам өнімдеріне, сусындарға және азыққа арналған ыдыста сақтамаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды тағам өнімдерімен, сусындармен және азықпен бірге сақтамаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды балалар мен жануарлардан алшақ жерде сақтаңыз
- Агрегатты босатылған және тазартылған күйде сақтаңыз

- Өсімдіктерді қорғауға арналған құрал мен агрегатты сақтаған кезде, оларды рұқсатсыз қолданудан қорғаңыз
- Өсімдіктерді қорғауға арналған құрал мен агрегатты құрғақ және қатпайтын жерде сақтаңыз

## Көдеге жарату

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың қалдықтары мен агрегаттың шаю сұйықтығын сутоғандарға, ағынды суға, канализацияға, шұңқырларға, шахталарға, дренаждарға төкпеңіз.

- Қалдықтар мен пайдаланылған сыйымдылықтарды көдеге жаратқан кезде, қалдықтардың көдеге жарату жөніндегі жергілікті нормаларды ұстанаңыз

## Құрылғыны тасымалдау

Қозғалтқышты әрқашан тоқтатып тұру керек.

Көлік құралдарында тасымалдаған кезде:

- Агрегатты төңкерілуден, бүлінуден және жанармайдың ағып кетуінен қорғаңыз
- Ерітінділерге арналған сұйыққойма босатылған және тазартылған болуы тиіс



## Жанармай толтыру



**Бензин оңай тұтанатындықтан** – жанып тұрған отқа жақын қашықтықта жұмыс істемеңіз, жанармайды ағызбаңыз, темекі шекпеңіз.

Жанармайды құймас бұрын **қозғалтқышты сөндіріп қойыңыз.**

Мотор толығымен суымайынша, оған жанармайды құймаңыз, себебі жанармай ағып кете алады, соның салдарынан **өрттің туындау қаупі төне алады!**

Толтырудың алдында агрегатты арқадан алып тастаңыз. Агрегат жерге қойылған және төңкерілуден қорғалған кезд ғана толтырыңыз.

Артық қысым баяу төмендеуі үшін және жанармай шашырамауы үшін бактың қақпағын абайлап ашыңыз.

Жанармайды жақсылап желдетілетін жерлерде ғана құйыңыз. Егер жанармай төгіліп кетсе, қозғалтқыштың агрегатын дереу тазарту керек - жанармайды киімге тамызбаңыз, керісінше жағдайда киіміңізді дереу ауыстырыңыз.



Саңылауы бар екеніне назар аударыңыз! Жанармай ағып кеткен жағдайда, моторды іске қоспаңыз – **күйіктің салдарынан өмірге қауіп төне алады!**

## Бактың бұрандалы қақпағы



Жанармайды құйып болғаннан кейін, бактың қақпағын нықтап тартыңыз.

Осының арқасында, бұл қозғалтқыштың дірілдерінен бактың қақпағының бұралып қалуын, соның нәтижесінде жанармайдың ағып кету қаупін азайтады.


## Қосудың алдында

Қосудың алдында агрегаттың мінсіз жұмыс жағдайын бақылаңыз. Әсіресе, егер де агрегат арналымынан тыс жүктемеге ұшыраған болса (мысалы, соққы немесе құлау нәтижесіндегі күштің әсерінен).

- Жанармай жүйесінің герметикалылығын, әсіресе көрінетін бөлшектерін, мысалы бактың қақпағын, шланг байланыстарын, қолмен атқарылатын жанармай сорғысын (тек қана қолмен атқарылатын жанармай сорғысы бар қозғалтқыштың агрегатында) тексеру керек. Герметикалы емес болса немесе қандай да бір жерлері бүлінсе қозғалтқышты іске қоспаңыз – **өрттің туындау қаупі төне алады!** Агрегатты пайдалануға беру алдында, оны күйге келтіру үшін мамандандырылған дилерге бергеніңіз жөн
- Ауыстырғыш иінірек **STOP** немесе **0** күйіне оңай орнатылуға тиіс

- Газ иінірегі қозғалып тұруы тиіс және бос жүріс күйіне өздігінен қайтарылуы тиіс
- От алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштықтың берік орналасуын тексеріңіз - штекер берік орналаспаған болса ұшқын шығып, соның салдарынан жанармай-ауа қоспасы тұтанып кете алады – **өрттің туындау қаупі төне алады!**
- Жанармай жүйесінің герметикалылығын тексеріңіз
- Ерітінділерге арналған сұйыққойманың, шлангтың және мөлшерлеуіштің жағдайы мен герметикалылығын тексеріңіз
- Аспалы белдіктердің жағдайын тексеріңіз – бүлінген немесе тозған аспалы белдіктерді ауыстырыңыз

Агрегат тек қана сенімді қолданыс күйінде қолданылуы қажет – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!**



Апаттық жағдай орын алса: Жамбас қайысындағы тиектеу құрылғысын (арнайы құрал-жабдықтар) тез ашуға, иықты аспалы қайыстарды тез босатуға және құрылғыны арқадан

тез түсіруге жаттығыңыз. Жаттыққан кезде бүлінуді болдырмау үшін агрегатты жерге лақтырмаңыз.

### Қозғалтқышты қосу

Жанармай құю орнынан ең кемі 3 метр қашықтықта жасаңыз және жабық орынжайда емес.

Қозғалтқыштың агрегатына тек қана бір оператор қызмет көрсетеді – жұмыс аумағында бөгде адамдардың болуына рұқсат берілмейді – іске қосқан кезде де ешкім болмауы керек.


Пайдалану нұсқаулығына сәйкес іске қосыңыз.

Тегіс қабатта ғана сенімді және тұрақты күйге орналасып, агрегатты нықтап ұстаңыз.

Агрегатты оператордың арқасына асу үшін көмекші қажет болған жағдайда, мынаған назар аударыңыз, яғни

- агрегат тек бос жүрісте ғана жұмыс істеуі керек
- көмекші, пайдаланылып болған улы газдардың шығу аумағында тұрмауға және пайдаланылған газдармен дем алмауға тиіс
- қақпақша иінтірегі және SR 450 агрегатындағы мөлшерлегіш иінтірек жабық болуы керек
- көмекші, қондырманың шығу аумағында тұрмауға тиіс
- көмекші, агрегатты арқаға асуға көмектескеннен кейін жұмыс аумағынан бірден кетеді

### Агрегатты қалай ұстау және қалай жүргізу қажет



Агрегаттағы аспалы белдіктің екеуін де арқаға асу керек – бір иыққа асуға болмайды. Оң қолыңыз айдама құбырды жетектің сабында тұрады – солақайларға да осылайша болады.

Алдыға қарай баяу қозғала отырып қана жұмыс істеңіз – Үдеткіш түтікшенің шығыс аймағын үнемі бақылап тұрыңыз – арттан алдыға қарай қозғалмаңыз – **сүрініп кете аласыз!**

Агрегат пен ерітінділерге арналған сұйыққойманы тік күйде ұстаңыз. Алдыға қарай иілмеңіз – ерітінділерге арналған сұйыққоймадан ерітіндінің төгіліп кетуінен **жарақат алу қаупі төне алады!**

### Шашырату және себу атқарымы – тек қана SR 450

Шашырату және себу атқарымында қолданған кезде, өсімдіктерді қорғауға арналған құрал кең ауқымда, бөлшектердің көлемі 5 мм құрайтын ұнтақты немесе құрғақ түйірлерді себуге болады.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану жөніндегі заңнама нормаларын ұстаныңыз.

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралдың пайдалану нұсқаулығында немесе заттаңбасында көрсетілген талаптарды ұстану қажет.

Агрегатқа зиян келтірмеу және жарақат алмау мақсатында, агрегатты жарылғыш немесе жанғыш шығаруға арналған құралмен бірге ешқашан да қолданбаңыз


Күкіртті немесе құрамында күкірті бар қоспаларды ұнтақ күйінде сеппеңіз – олар өте қауіпті және тұтану температурасы өте төмен.

### **Сиректету жүйесі**

Жұмыс істеген кезде ұшқын түзілетін электрстатика жүктемесі туындауы мүмкін.

Қауіптілік келесі жағдайларда жоғарылайды:

- ауа райы өте қуаң болса
- Жоғары шаң концентрациясын түзетін ұнтақ тәрізді шығаруға арналған құралды қолдану



Тұтанып кететін ұшқын түзілу тәуекелін немесе өрт шығу қаупін төмендету үшін, агрегатта сиректету жүйесі толықтай монтаждалуға тиіс. Ол; металл шынжырымен байланысқан үрлеп тазарту қондырғысындағы тоқ өткізгіш тоқсымнан құралған. Электрстатика жүктемелерін сиректету үшін металл шынжыры тоқ өткізгіш еденге тиюге тиіс.

Тоқ өткізбейтін жерде (мысалы, пластик, асфальт) жұмыс істемеңіз.

Сиректету жүйесі бұзылған немесе болмаған жағдайда жұмыс істемеңіз.

## Жұмыс істеген кезде



Айдама құбырды бөгде адамдарға немесе жануарларға қарай ешбір жағдайда бағыттамаңыз – қозғалтқыштың агрегатынан шағын көлемді заттар үлкен жылдамдықпен лақтырыла алады – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Қауіптілік төнетін болса немесе апаттық жағдай орын алса, қозғалтқышты бірден сөндіріңіз – ауыстырғыш иінтіректі **STOP** немесе **0** күйіне орнатыңыз.

Қозғалтқыштың агрегатын ешқашан да қараусыз қалдырмаңыз.

Тайғанақ, ылғал болғанда, қар басқанда, мұз болғанда, тау еңісінде, кедір-бұдыр жерлерде және тағы басқа жерлерде абайлаңыз – **тайғанап кету қаупі төнуі мүмкін!**

Кедергілерге назар аударыңыз: Қоқыстар, томарлар, тамырлар, орлар болса – **сүрініп кете аласыз!**

Есту мүшелерін қорғайтын құралды пайдаланған кезде, аса мұқият және сақ болуыңыз керек, себебі қауіптілік дыбыстарын сезу қабілеті (айғайлар, дабыл белгілері және т.б.) шектеледі.

Төтенше шаршауды болдырмас үшін, жұмыс барысында уақытымен үзіліс жасап тұрғаныңыз жөн – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!**

Байсалды түрде және ойлап жұмыс істеңіз, бірақ жарық жақсылап түсіп тұруы керек және көрініс айқын болуы қажет. Басқа адамдарға қауіп төндірмей, абайлампаздықпен жұмыс істеңіз.

Жиылмалы басқышта, орнықсыз жерде жұмыс істемеңіз.

Далада және бақшада жұмыс істеген кезде, кішкентай жануарларға назар аударыңыз – оларға қауіптілік төнуі мүмкін.

Тоқ өткізетін тоқсымдардың жанында жұмыс істемеңіз – **электр тоғының соғу қаупі төнуі мүмкін!**

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды ауыстырған кезде, ерітінділерге арналған сұйыққойма мен шланг жүйесін тазарту керек болады.



Мотор іске қосылғаннан кейін, мотоқұрылғыдан пайдаланылып болған улы газдар бірден шыға бастайды. Бұл газдардың иісі болмауы және көрінбеуі мүмкін, сонымен қатар құрамында көмірсутегілер мен бензол бола алады. Қозғалтқыштың агрегатын ешбір жағдайда жабық немесе нашар желдетілетін орынжайларда қолданбаңыз.

Жыраларда, ойпаттарда немесе тар шарттарда жұмыс істеген кезде, жеткілікті ауа алмасуын қамтамасыз ету қажет - **уланудың салдарынан өмірге қауіп төне алады!**

Лоқсығанда, бас ауырғанда, көру қабілеті нашарлағанда (мысалы, көру ауқымының азаюы), есту қабілетін нашарлағанда, бас айналғанда, назар аудару қабілеті төмендегенде жұмысты дереу тоқтатыңыз - басқа себептердің арасында, аталған симптомдар пайдаланылып болған газдардың жоғары дәрежелі шоғырланымынан пайда бола алады - **Жазатайым оқиға қауіп төне алады!**

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істегенде, мүмкіндігінше шуылсыз және пайдаланылып болған газдарды аз шығарып жұмыс істеңіз - қозғалтқышты қажет болмағанда қосулы күйде қалдырмаңыз, газды тек жұмыс кезінде беріңіз.

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істегенде және жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың агрегатының жанында темекі шекпеңіз – **өрттің туындау қауіпі төне алады!** Жанармай жүйесінен жанғыш бензин булары ұшып шыға алады.

Егер де қозғалтқыштың агрегаты арналымынан тыс жүктемеге ұшыраған болса (мысалы, соққы немесе құлау нәтижесіндегі күштің әсерінен), алдағыда жұмыс істер алдында агрегаттың қолданыс күйін тексеріп алыңыз - "Қосудың алдында" бөлімін қараңыз. Әсіресе, жанармай жүйесінің герметикалығын және қауіпсіздік қондырғысының пайдаланудағы сенімділік дәрежесін тексеріңіз. Жұмыс барысында қауіпті

болатын қозғалтқыштың агрегатын ешбір жағдайда қолданбаңыз. Қандай да бір күмән туындаса, мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

### Жұмысты аяқтағаннан кейін

Қақпақша иінтірегін және SR 450 агрегатындағы мөлшерлегіш иінтіректі де жабу керек

Қозғалтқыштың агрегатын арқадан түсірер алдында, қозғалтқышты сөндіріп қою керек.

Жұмысты аяқтағаннан кейін қозғалтқыштың агрегатын ыстық емес тегіс қабатқа қойыңыз. Құрылғыны жеңіл тұтанатын материалдардың (мысалы, ағаш жоңқасы, ағаш қабығы, құрғақ шөп, жанармай) жанына қоймаңыз – **өрттің туындау қауіпі төне алады!**

Агрегат бөлшектерінің герметикалығын тексеру керек.

Жұмысты аяқтап болғаннан кейін агрегатты, қолыңызды, бетіңізді және қажет болса - киіміңізді жақсылап тазартыңыз.

Адамдар мен жануарлар, өңделген аумақтан алшақ жерде тұруы тиіс – өсімдіктерді қорғауға арналған құралдар толықтай кепкеннен кейін ғана осы аумаққа қайтадан кіруге болады.

### Дірілдер

Мотоқұрылғыны тым ұзақ қолданатын болсаңыз, дірілдің себебінен қолдағы қан айналым жүйесі бұзыла алады ("ақ саусақтар" синдромы).

Құрылғының көпшілік мақұлдаған қолданыс ұзақтығы анықтала алмайды, себебі оның көптеген факторлары бар.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі шаралардың арқасында ұлғаяды:

- қол қорғанышы (жылы қолғаптар);
- жұмыс барысындағы үзіліс.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі себептерге орай қысқарады:

- жұмысшының қан айналым жүйесі нашар болса (оның белгілері мынадай болады: саусақтар тона береді, қышып дуылдайды);
- сыртқы температуралар төмен болса;
- мотоқұрылғыны ұстау үшін көп күш-жігер жұмсалса (оны қатты ұстаған кезде, қан айналымына кедергі келтіріледі).

Мотоқұрылғыны ұдайы, ұзақ қолданған кезде және тиісті симптомдар қайтадан пайда болған кезде (мысалы, саусақтардың дуылдауы) үнемі медициналық байқаудан өтіп тұрғаныңыз жөн.

### Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Мотоқұрылғыға үнемі техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз. Осы қолдану нұсқаулығында сипатталған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын ғана орындау керек. Жұмыстардың барлық бас түрлерін мамандандырылған дилерге тапсыру қажет.

STIHL компаниясы, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL компаниясының мамандандырылған дилеріне тапсыруға ұсыныс береді. STIHL компаниясының мамандандырылған дилерлері біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алу қаупі немесе құрылғының бұзылу қаупі төне алады. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

STIHL компаниясы STIHL компаниясының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің сипаты жағынан құрылғымен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Жөндеген, техникалық қызмет көрсеткен және тазартқан кезде қозғалтқышты әрқашан сөндіріп отырыңыз – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!** – Айрықша жағдайлар: Карбюраторды және бос жүрістің тәртіптемесін ретке келтіру.

От алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштық тартылып қойылса немесе от алдыру білтесі бұрап алынса моторды іске қосу құрылғысының көмегімен іске қосуға рұқсат етілмейді – цилиндрдің сыртында ұшқын болғандықтан **өрттің туындау қаупі** төне алады!

Мотоқұрылғыға техникалық қызмет көрсетуге және жанып тұрған оттың дәл жанында сақтауға тыйым салынады.

Бактың қақпағының герметикалылығын үнемі тексеріп отырыңыз.

STIHL компаниясы тарапынан рұқсат етілген, жарамды от алдыру білтесін ғана қолданыңыз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз.

От алдыру шынжырының көбілін тексеріңіз (оқшаулағыштың мінсіз болуы, қосылыстың тығыз болуы).

Бәсеңдеткіштің мінсіз күйін тексеріңіз.

Not an error! Жарамсыз немесе алынған бәсеңдеткішпен жұмыс істеуге болмайды – **өрттің туындау қаупі төнуі мүмкін!– есту қабілетінің зақымдануы мүмкін!**

Ыстық бәсеңдеткішті ұстамаңыз – **күйік шалу қаупі төне алады!**

Дірілге қарсы элементтердің күйі, діріл кезінде агрегаттың күйіне әсер етеді - дірілге қарсы элементтерді үнемі тексеріп тұру қажет.

Ақаулықтарды жою үшін моторды тоқтатыңыз.

## Құрылғының жиынтықтамасы




### Нұсқау


Шланг, газдың арқаншасы және SR 450 агрегатындағы мөлшерлеуіштің Боуден арқаншасы да әлдеқашан жалғанған. Агрегатты құрамдау кезінде бөлшектерді майыстырмаңыз!

Құрамдастырылған кілт пен бұрауыш, қоса берілетін құрал-жабдықтар қапшығында бар.


### Қатпарлы шлангты айдама құбырға монтаждаңыз



- кең шланг қамытшасын (1) күй таңбаламасымен оңға қарай айдама құбырға (2) кигізіңіз




- Түйіспелі сақина (3) кең тілшікпен бірге солға қарай айдама құбырдың (2) штуцеріне кигізіңіз
- Қатпарлы шлангты (4) түйіспелі сақинаға (3) кигізіңіз




- Шланг қамытшасын (1) қатпарлы шлангқа (4) кигізіңіз
- Шланг қамытшасы (1) мен айдама құбырдың (2) күй таңбаламасын суретте көрсетілгендей етіп тегістеңіз
- Шланг қамытшасын (1) бұрандамен (5) бекітіңіз – айдама құбыр (2) әлі де айналып тұруы тиіс

**Қатпарлы шлангты өтпе иінге монтаждаңыз – тек қана SR 430**




- тар шланг қамытшасын (1) күй таңбаламасымен солға қарай өтпе иінге (2) кигізіңіз
- Қатпарлы шлангты (3) өтпе иінге (2) кигізіңіз




- Шланг қамытшасын (1) қатпарлы шлангқа (3) кигізіңіз
- Шланг қамытшасы (1) мен өтпе иіннің (2) күй таңбаламасын суретте көрсетілгендей етіп тегістеңіз
- Шланг қамытшасын (1) бұрандамен (4) бекітіңіз

**Сиректету жүйесін монтаждаңыз – тек қана SR 450**




- Сымды айырғыш (1) пен шынжырды (2) бұранданың (3) көмегімен баспа механизмнің шанағына монтаждаңыз


**Қатпарлы шлангты өтпе иінге монтаждаңыз – тек қана SR 450**



- Сымды айырғышты (1) қатпарлы шлангқа (2) кигізіңіз




- тар шланг қамытшасын (3) күй таңбаламасымен солға қарай өтпе иінге (4) кигізіңіз
- Сымды айырғышты (1) шланг қамытшасындағы (3) оймакілтек арқылы өткізіңіз
- Қатпарлы шлангты (2) өтпе иінге (4) кигізіңіз




- Шланг қамытшасын (3) қатпарлы шлангқа (2) кигізіңіз
- Шланг қамытшасы (3) мен өтпе иіннің (4) күй таңбаламасын суретте көрсетілгендей етіп тегістеңіз
- Шланг қамытшасын (3) бұрандамен (5) бекітіңіз – сымды айырғыш кертiк арқылы өткізілгенін бақылаңыз

**Жетектің сабын реттеу және бекіту**


- Агрегатты арқаға асыңыз және аспалы белдікті реттеңіз – "Аспалы белдікті реттеу" бөлімін қараңыз



- Жетектің сабын (1) бойлық бағытқа жылжытыңыз және қолдың ұзындығы бойынша реттеңіз – қондырманың (2) шығыс саңылауы мен жетектің сабы (1) арасындағы қашықтық кемінде  $a = 500$  мм болуға тиіс



- Жетектің сабын (1) бұрандамен (3) бекітіңіз




- Шланг, газдың арқаншасы және SR 450 агрегатындағы мөлшерлеуіштің Боуден арқаншасын тұтқыш (4) арқылы бекітіңіз

күйіне орнатыңыз. Қатпарлы шлангтың қатпарын (нұсқар) бекітіңіз

## Кедергіштің жапқышын басқару арқанын реттеу

Агрегатты монтаждағаннан кейін немесе аса ұзақ уақыт бойы қолданғаннан кейін, газдың арқаншасын реттеу жұмысын түзету қажет болады.

Газдың арқаншасын, агрегат толықтай монтаждалған кезде ғана реттеңіз.




- Газ иінтірегін толық газ күйіне келтіріңіз – тірекке дейін
- Газ иінтірегіндегі бұранданы нұсқардың бағыты бойынша бірінші кедергіге дейін толықтай бұраңыз. Содан кейін тағы да бір айналым жасаңыз




## Аспалы белдік

### Аспалы белдікті реттеу



- Белдіктердің ұшын төмен қарай тартыңыз – аспалы белдіктер керілетін болады
- Аспалы белдікті реттеген кезде, арқадағы тілімше арқаға тығыз және сенімді түрде тиіп тұруға тиіс

### Аспалы белдікті босатыңыз



- Қысқыш ысырманы сәл көтеріңіз

## Жанармай

Қозғалтқыш бензиннен және мотор майынан жасалған жанармай қоспасында жұмыс істеуге тиіс.



### Сақтандыру

Жанармаймен тікелей жанасудан және жанармай буларын ішкері жұтудан сақтаныңыз.

### STIHL MotoMix

STIHL компаниясы STIHL MotoMix қоспасын қолдануға ұсыныс береді. Аталған жанармай қоспасында бензол, тетраэтилқорғасын бар, октан саны жоғары болып табылады және дұрыс қоспалар пропорциясын әрдайым қамтамасыз етеді.

STIHL қозғалтқышының барынша көп қызмет ету мерзіміне арналған STIHL MotoMix жанармай қоспасы екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған HP Ultra мотор майымен араластырылған.

MotoMix жанармай қоспасы барлық өткізу нарықтарында тең дәрежеде ұсынылмаған.

### Жанармай қоспасын дайындау



### Нұсқау

Жарамсыз жанар-жағармай материалдары немесе нұсқаулықтарға сай келмейтін қоспалар пропорциясы жетекке күрделі зиян келтіре алады. Аса

төмен сападағы бензин немесе мотор майы қозғалтқышты, нығыздағыш сақиналарды, құбыржолдары және жанармай бағын бұза алады.

### Бензин

Тек қана құрамында тетраэтилқорғасын болатын немесе болмайтын ең аз октан саны 90 ROZ құрайтын **таңбалы бензинді** қолданыңыз.

Этанолдың құрам үлесі 10%-дан жоғары болатын бензин, қолдан ретке келтірілетін карбюратормен жұмыс істейтін қозғалтқыштардың жұмысын іске шығара алады, сондықтан осындай қозғалтқыштар үшін қолданылмауы тиіс.

M-Tronic жүйесі бар қозғалтқыштар, этанолдың құрам үлесі 25%-ға дейін (E25) жететін бензинді қолданған кезде, соның арқасында толық қуат қамтамасыз етіледі.

### Мотор майы

Егер жанармай өзі араласатын болса, STIHL екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын ғана немесе басқа JASO FB, JASO FC, JASO FD, ISO-L-EGB, ISO-L-EGC немесе ISO-L-EGD сыныпты тиімділігі жоғары майды қолдануға болады.

STIHL компаниясы STIHL HP Ultra екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын немесе қозғалтқыштың барлық қызмет ету мерзімі ішінде шығарындылардың шекті мөндерін қамтамасыз ету үшін балама тиімділігі жоғары мотор майын қолдануды ұсынады.

## Қоспалар пропорциясы

STIHL екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майы 1:50; 1:50 = майдың 1 бөлігі + бензиннің 50 бөлігі

## Мысалдар

Бензиннің мөлшері	STIHL екі ырғақты қозғалтқышқа арналған май 1:50	
Литр	Литр	(мл)
1	0,02	(20)
5	0,10	(100)
10	0,20	(200)
15	0,30	(300)
20	0,40	(400)
25	0,50	(500)

- жанармайға жарамды болатын канистрге алдымен мотор майын, кейін бензинді құйыңыз және мұқият арастырыңыз

## Жанармай қоспасын сақтау

Жанармайға рұқсат етілген сұйыққоймаларда қауіпсіз, құрғақ және салқын жерде ғана сақтаңыз, жарық пен күн сәулесінен қорғаңыз.

**Жанармай қоспасы ескірсе** – қоспаның босалқы қорын бірнеше аптаға ғана дайындаңыз. Жанармай қоспасын 30 күннен артық сақтамаңыз. Жарықтың, күн сәулесінің, төмен немесе жоғары температуралардың әсерінен жанармай қоспасы өзінің қолданыс сипаттамаларынан тез айырылады.

Алайда STIHL MotoMix еш қиындықсыз 2 жылға дейін сақтала алады.

- Канистрді жанармаймен толтырар алдында, оны мұқият шайқап алғаныңыз жөн.



### Сақтандыру

Канистрдегі қысым көтеріле алады, абайлап ашыңыз.


- Жанармай бағын және канистрді уақыт өте келе мұқият тазартып отырыңыз

Жанармайдың қалдықтарын және тазарту үшін қолданылған сұйықтықты нұсқауларға сай және қоршаған ортаға нұқсан келтірмей кедеге жаратыңыз!


## Жанармайды толтырып құю



## Агрегатты дайындау



- Бакты ластанудан қорғау үшін, оны толтырудың алдында бактың қақпағын және айналасын тазартыңыз
- Бактың қақпағы жоғары қарайтындай етіп агрегатты жайғастырыңыз


**Бактың бұрандалы қақпағын ашыңыз**

002BA447 KN

- Қақпақ бактың тесігінен алынбайынша, оны сағат тіліне қарсы бағыт бойынша бұрай беріңіз
- Бактың қақпағын алып тастаңыз

**Жанармайды толтырып құю**

Жанармайды құйған кезде, жанармайды бактың шетінен асырып және толтырып құймаңыз. STIHL фирмасы өзінің құю жүйесін ұсынады (арнайы жабдықтар).


**Бактың бұрандалы қақпағын жабыңыз**

002BA448 KN

- Қақпақты орнатыңыз
- Қақпақты сағат тілінің бағыты бойынша тірекке дейін бұраңыз және мүмкіндігінше қатты бұрап тастаңыз

**Іске қосудың алдындағы ақпарат****Нұсқау**

Қосудың алдында, қозғалтқыш тоқтатылған кезде, арқадағы тілімше мен қозғалтқыш қондырғысы арасындағы ауа ағынын сіңіргіш қорғаныш торын бақылаңыз және қажет болғанда тазартыңыз.

**Жетектің сабына шолу**

0002BA017 KN

- 1 Ауыстырғыш иінтірек
- 2 Газ иінтірегі
- 3 Газ иінтірегінің тежеушісі <sup>1)</sup>

**Ауыстырғыш иінтіректің атқарымы****I жұмыс күйі**

Қозғалтқыш жұмыс істейді немесе қосылуға дайын. Газ иінтірегін (2) еш сатысыз қосуға болады.


**Қозғалтқышты 0 тоқтату**

От алдыру жүйесі доғарылады, қозғалтқыш тоқтайды. Ауыстырғыш иінтірек (1) осы күйде бекітілмейді,

жұмыс күйіне артқа қарай серпіледі. От алдыру өз бетінше қайтадан қосылады.

### Шектеушінің күйі <sup>1)</sup>

Газ иінтірегінің жолы екі саты арқылы шектеле алады:




a 1/3-газ

b 2/3 -газ

Шектеуден босату үшін:

- Ауыстырғыш иінтіректі (1) қайтадан I жұмыс күйіне қойыңыз

### Газды бекіту <sup>1)</sup>




Газ иінтірегі (2) кез келген күйде бекітілуі мүмкін.

Бекітуден босату үшін:

- Ауыстырғыш иінтіректі (1) қайтадан I жұмыс күйіне қойыңыз


## Моторды іске қосу / тоқтату

### Қосудың алдында



- Ерітіндіні беруне арналған қақпақша иінтірегі (1) жабыңыз

### SR 450 үлгісінде қосымша ретінде:



- Шашырату және себу атқарымына арналған мөлшерлегіш иінтіректі (2) жабыңыз

### Моторды іске қосу


- Қауіпсіздік нұсқауларын сақтаңыз

<sup>1)</sup> тек қана елге байланысты қолжетімді болады




### Нұсқау


Агрегаты шаңды жұтпауы үшін агрегатты тек қана таза және шаңсыз жерде қосу керек.




- Ауыстырғыш иінтірек I күйіне орнатылуға тиіс



- Қолмен атқарылатын жанармай сорғысының сифонын (3) аз дегенде 8 рет басыңыз, сонымен қатар, егер де жанармай құйылмаған кезде де солай басыңыз

**Қозғалтқыш суық (суықтай іске қосу)**

- Ауа қақпақшасының айналмалы тұтқасын (4) қысыңыз және **I** күйіне бұраңыз

**Қозғалтқыш жылы (жылыдай іске қосу)**


- Ауа қақпақшасының айналмалы тұтқасын (4) қысыңыз және **II** күйіне бұраңыз

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған, бірақ әлі салқын болған жағдайда да осы реттелімді қолданыңыз.

**Іске қосу**

- Агрегатты орнықты жерге қою қажет – шығыс саңылауы аумағында бөгде адамдардың болмауын бақылаңыз
- тұрақты күйге орналасыңыз: Агрегатты сол қолыңызбен шанақтан ұстап тұрыңыз және тайғанамас үшін аяқпен бекітіп қойыңыз
- Іске қосатын сапты оң қолыңызбен бірінші сезілетін тірекке дейін баяулап тартыңыз және күрт қозғалыспен тартыңыз – арқанды дейін шығармаңыз – **үзілу қаупі бар!**

- Іске қосатын сапты тез ырғақпен артқа жібермеңіз – іске қосатын арқан дұрыс оралуы үшін, созуға қарсы бағытта артқа қарай баяу апарыңыз
- қозғалтқыш от алмайынша, оны іске қоса беріңіз


**Қозғалтқыш іске қосылған кезде**

- Газ иінтірегін әрекетке келтіріңіз – ауа қақпақшасының (4) айналмалы тұтқасын **II** жұмыс күйіне өз бетінше ауысады

**Өте төмен температура ауқымында**

- аздап газ беріңіз – қозғалтқышты қысқа уақыт бойы қыздырыңыз

## Қозғалтқышты тоқтатыңыз



- Ауыстырғыш иінтіректі **0** күйіне қойыңыз – қозғалтқыш тоқтайды – ауыстырғыш иінтірек іске қосылғаннан кейін артқа қарай серпіледі

## Іске қосуға арналған алдағы нұсқаулар

### **Қозғалтқыш **I** суықтай іске қосу күйіне немесе үдеген кезде ауысады**

- Ауа қақпақшасының айналмалы тұтқасын **II** күйіне бұраңыз, содан кейін қозғалтқыш от алмайынша, оны іске қосу керек

### **Қозғалтқыш жылыдай іске қосу **II** күйінде қосылмайды**

- Ауа қақпақшасының айналмалы тұтқасын **I** күйіне бұраңыз, содан кейін қозғалтқыш от алмайынша, оны іске қосу керек

### **Қозғалтқыш үдемейтін болса**

- барлық басқару элементтерінің ретке келтірілгенін тексеріңіз
- бактың ішіндегі жанармайдың мөлшерін тексеріңіз, қажет болғанда толтырыңыз

- от алдыру білтесінің жанасқан ұшының нықтап отырғанын тексеріңіз
- Қозғалтқышты қайтадан іске қосыңыз

### **Жанармай бағындағы жанармай толықтай таусылса**

- жанармаймен толтырғаннан кейін, қолмен атқарылатын жанармай сорғысының сильфонына аз дегенде 8 рет басыңыз, сонымен қатар, егер де сильфонның жанармайы толы болса да солай басыңыз
- Қозғалтқыштың температурасына қарай, ауа қақпақшасының айналмалы тұтқасын орнатыңыз
- Қозғалтқышты қайтадан іске қосып көріңіз

## **Қолдану жөніндегі нұсқаулар**

### Жұмыс істеген кезде

Толық жүктемеде ұзақ уақыт бойы жұмыс істегеннен кейін, жылудың үлкен бөлігі салқындатқыш ауаның ағынымен аулақ әкетілмейінше, қозғалтқышты біраз уақыт бойы бос жүрісте жүргізіңіз, соның арқасында жылудың тоқтап қалуының салдарынан жетектің толықтырушы бөлшектеріне түсірілетін (от алдыру жүйесі, карбюратор) жүктеме төмендейді.

### Жұмысты аяқтағаннан кейін

Жұмыста қысқа мерзім бойы үзіліс жасаған кезде: Қозғалтқышты суытыңыз. Агрегатты келесі рет қолдануға дейін тұтану көздерінен алшақ, құрғақ жерде сақтаңыз. Жұмыс барысында ұзақ уақыт бойы үзіліс жасаған кезде – "Агрегатты сақтау" бөлімін қараңыз.

## Қажетті ерітіндіні белгілеу

### Ауданын анықтау (м<sup>2</sup>)

Төмен өсетін дақылдарда, егістіктің еніне көбейтілген ұзындық - аудан болып саналады.

Биік өсетін дақылдарда, жапырақты қабырғаның долбарлы ұзындығына көбейтілген қатарлардың ұзындығы - аудан болып саналады. Бұл нәтижені қатарлардың санына көбейту керек. Жапырақты қабырғаның екі жағын өңдеген кезде шыққан нәтиже де 2-ге көбейтілуге тиіс.

Гектардағы аудан, шаршы метр ауданы 10 000-ға бөлінген кезде алынады.

#### Мысалы:

Ұзындығы 120 м және ені 30 м құрайтын егістік, зиянкестерге қарсы құралмен өңделуге тиіс.

Ауданы:

$$120 \text{ м} \times 30 \text{ м} = 3600 \text{ м}^2$$

$$3600 / 10\ 000 = 0,36 \text{ га}$$

### Биологиялық белсенді заттектің мөлшерін анықтау

Өсімдіктерді қорғауға арналған құралды пайдалану нұсқаулығын оқып анықтаңыз:

- 1 гектарға (га) қажетті биологиялық белсенді заттектің мөлшері
- биологиялық белсенді заттектің шоғырланымы (қоспалар пропорциясы)

1 гектарға (га) қажетті биологиялық белсенді заттектің мөлшерін гектармен белгіленген ауданға көбейтіңіз. Өңделуге тиіс болған ауданға арналған биологиялық белсенді заттектің қажетті саны – соның нәтижесі болып табылады.

#### Мысалы:

Пайдалану нұсқаулығына сәйкес, бір гектар ауданға 0,1% шоғырланымындағы 0,4 литр (л) есебіндегі белсенді заттект талап етіледі.

Биологиялық белсенді заттектің мөлшері:

$$0,4 \text{ (л/га)} \times 0,36 \text{ (га)} = 0,144 \text{ л}$$

### Ерітіндінің мөлшерін анықтаңыз

Қажетті ерітіндінің мөлшері келесідей есептеледі:

$$\frac{T_W}{K} \times 100 = T_B$$

$T_W$  = литрдегі биологиялық белсенді заттект мөлшері

$K$  = %-дағы шоғырланымы

$T_B$  = литрдегі қажетті ерітінді мөлшері

#### Мысалы:

Белгіленген биологиялық белсенді заттектің мөлшері 0,144 л құрайды. Пайдалану нұсқаулығына сәйкес шоғырланымы 0,1 % құрайды.

Ерітінді мөлшері:

$$\frac{0,144 \text{ л}}{0,1 \%} \times 100 = 144 \text{ л}$$

### Қадам жылдамдығын белгілеу

Жанармай құйылған және иыққа асылған агрегатпен жұмысты бастамас бұрын, сумен толтырылған сыйымдылықты сынап жүргізіп көріңіз. Бүріккіш түтікті қозғалтқан (теңселткен) кезде, алдағыда қолданатындай етіп қозғаңыз. Бұл ретте, 1 минут өткеннен кейін, өткен қашықтықты анықтаңыз.

Осындай сынақ жүргізген кезде, таңдалған жұмыс енін де тексеру қажет. Төмен орналасқан егістік дақылдарында, мақсатқа сай жұмыс ені 4-5 м құрайды. Жұмыс енін таңбалау үшін белгі қойыңыз.

Минут ішіндегі метр есебіндегі қадам жылдамдығы – бір минутта жүріп өткен метр есебіндегі уақытқа (м/мин) бөлінген метр есебіндегі жол қашықтығы болып табылады.

#### Мысалы:

Бір минутта жүріп өткен жол қашықтығы 10 м болып белгіленген.

Қадам жылдамдығы:

$$\frac{10 \text{ м}}{1 \text{ мин}} = 10 \text{ м/мин}$$

Мөлшерлеу күйін белгілеу

Мөлшерлеуіштің реттелетін мәні келесідей есептеледі:

$$\frac{V_a(\text{л}) \times v_b(\text{м/мин}) \times b(\text{м})}{A(\text{м}^2)} = V_c(\text{л/мин})$$

$V_a$  = ерітінді мөлшері

$v_b$  = қадам жылдамдығы

$V_c$  = енгізу мөлшері

$b$  = жұмыс ені

$A$  = ауданы


**Мысалы:**

Бұрын 4 м болып белгіленген жұмыс ені мен мәндер бойынша мөлшерлеуіш үшін келесі реттелім беріледі:

$$\frac{144 \text{ л} \times 10 (\text{м/мин}) \times 4 \text{ м}}{3600 \text{ м}^2} = 1,6 \text{ л/мин}$$

Гектар (га)  $\text{м}^2$  болып қайта есептелуге тиіс ( $\text{га} \times 10\,000 = \text{м}^2$ ).

Белгіленген енгізу мөлшерін реттеу үшін – "Мөлшерлеуіш" бөлімін қараңыз.


**Мөлшерлеуіш**Қақпақша иінтірегі

Қақпақша иінтірегінің (1) көмегімен ерітіндінің берілуі қосылады немесе сенеді.


- А күйі (қақпақша иінтірегі тік күйде, жоғарыда) – шығыны ашық
- В күйі (қақпақша иінтірегі көлденең күйде, төменде) – шығыны жабық

Мөлшерлейтін бөлшектер

Жеткізілім көлеміне әртүрлі мөлшерлейтін бөлшектер кіреді, солардың көмегімен әртүрлі енгізу мөлшерлерін реттеуге болады.



- Мөлшерлеу күйі 1-ден 6-ке дейін "Standard" (A) (стандартты) мөлшерлейтін бөлшек
- Мөлшерлеу күйі 0,5-тен 0,8-ге дейін ULV-мөлшерлейтін бөлшек <sup>1)</sup> (B)

Мөлшерлейтін бөлшекті ауыстыру

- қолданыстағы мөлшерлейтін бөлшекті жоғары қарай тартып, бекіткіштен суырыңыз
- жаңа мөлшерлейтін бөлшекті тірекке дейін бекіткішке орнатыңыз


1) елге байланысты жеткізілім көлеміне кіреді немесе арнайы құрал-жабдықтар ретінде алынуы мүмкін




## Електі <sup>2)</sup> монтаждаңыз

ULV-мөлшерлейтін бөлшекті қолданған кезде, онымен бірге жеткізілетін електі де монтаждау керек.

SR 430




SR 450




- Елек бекітілмейінше, оны бекіткішке итеріңіз

## Қайта құрастыру



- Електі суретте көрсетілгендей бекіткіштен суыңыз

## Мөлшерлейтін бөлшек



- Мөлшерлейтін бөлшекті (1) бұраңыз - бүркілетін заттың көлемі баяу реттеледі


1 күйі = ең аз шығын

6 күйі = ең көп шығын

Мөлшерлейтін бөлшектегі сан таңбалары, мөлшерлейтін бөлшектің астындағы дөңеспен (2) жабынға келтірілуге тиіс.

ULV-мөлшерлейтін бөлшектегі "Е" күйі ерітінділерге арналған сұйыққойманы босатуға арналған. Ерітіндіні шашырату үшін бұл күйді қолданбаңыз – "Жұмысты аяқтағаннан кейін" бөлімін қараңыз.

## Шығыны



## Үдеткіш сорғысыз бүрку көлемі (л/мин)

Мөлшерлеу күйі	Бүріккіш түтік бұрышы		
	- 30°	0°	+ 30°
1	0,12	0,11	0,07
2	0,16	0,14	0,11
3	1,70	1,50	1,25
4	2,48	2,34	1,90
5	3,20	2,66	2,34
6	3,73	3,28	2,83

## ULV қондырмасы бар үдеткіш сорғысыз бүрку көлемі (л / мин)

Мөлшерлеу күйі	Бүріккіш түтік бұрышы		
	- 30°	0°	+ 30°
0,5	0,05	0,04	0,04
0,65	0,08	0,08	0,07
0,8	0,13	0,12	0,10

<sup>2)</sup> ULV-мөлшерлейтін бөлшектің жеткізілім көлеміне кіреді

**Судың шығынын тексеріңіз**

- Агрегатты жерге қою қажет
- Ерітінділерге арналған сұйыққойманы 10 литр таңбаламасына дейін сумен толтырыңыз

**Қысым сорғысы қосылмаған агрегат**

- "Standard" (стандартты) мөлшерлейтін бөлшекті 6 мөлшерлеу күйіне қойыңыз
- Агрегатты қосыңыз
- Көлденең бүріккіш түтіктің көмегімен бактың ішіндегісін 5 литр таңбаламасына дейін толық күйінде шашыратыңыз және осыған қажетті уақытты өлшеңіз

5 литр сұйықтықты шашыратуға қажетті уақыт 110 және 150 секунд арасында болуға тиіс.


**Ауытқу болған кезде**

- Ерітінділерге арналған сұйыққойманың, шланг жүйесінің, мөлшерлейтін бөлшектің ластану дәрежесін тексеріңіз және қажет болғанда тазартыңыз
- Үрленетін ауаға арналған сіңіргіш саңылауды тексеріңіз және қажет болғанда тазартыңыз
- Қозғалтқыштың күйін тексеріңіз және қажет болғанда түзетіңіз

Осы шаралар жақсарта алмаса – онда мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

**Шашырату және себу атқарымы**

Тек қана SR 450 болғанда.

**Мөлшерлегіш иінтірек**

Мөлшерлегіш иінтіректің (1) көмегімен енгізу мөлшері еш сатысыз реттеле алады.

- А күйі (мөлшерлегіш иінтірек тік күйде, жоғарыда) – өту жабық
- В күйі (мөлшерлегіш иінтірек айдама құбырмен қатар орналасқан) – өту ашық


**Енгізу мөлшерлері**

Енгізу мөлшері, қолданылатын материалдың үлестік салмағына және бөлшектердің көлеміне байланысты болады.


Түйір	0 - 9 кг/мин
Ұнтақ	0 - 3 кг/мин

**Бүрку атқарымынан шашырату және себу атқарымына қайта жабдықтау**

- Ерітінділерге арналған сұйыққойманы толықтай босатыңыз және тазартыңыз – "Жұмысты аяқтағаннан кейін" бөлімін қараңыз




- Ерітіндіні беруне арналған қақпақша иінтірегін (1) жабыңыз




- Шашырату және себу атқарымына арналған мөлшерлегіш иінтіректі (2) жабыңыз

## Ерітінділерге арналған сұйыққойма




Реттелген жұмыс тәртібі мөлшерлеуіштегі шанақта тұрған нышанның көмегімен көрсетіледі.


- А күйі – бұрку атқарымы
- В күйі – шашырату және себу атқарымы



- елек ендімесін (1) босату үшін тиісті құрал-сайманды (мысалы, бұрауыш) екі ойыққа (нұсқар) шығарыңыз
- Елек ендімесін (1) ерітінділерге арналған сұйыққоймадан жоғары қарай тартып, алып шығарыңыз




- Бекітуші тіліктерді (2) қысыңыз және иінтіректі (3) сыртқа шығарыңыз




- Ерітінділерге арналған сұйыққойманы, мөлшерлеуіштегі (4) шанақтан


алып тастаңыз және В күйіне (шашырату және себу атқарымы) бұраңыз



- Ерітінділерге арналған сұйыққоймадағы пластикалық бүркеншіксіз шегелер мен нығыздалатын ауданды толықтай тазартыңыз – бірде-бір ластықтың қалдығы қалмауы тиіс
- Мөлшерлеуіштегі (4) саңылаулар мен нығыздалатын ауданды толықтай тазартыңыз – бірде-бір ластықтың қалдығы қалмауы тиіс
- Ерітінділерге арналған сұйыққойманы мөлшерлеуіштегі (4) шанаққа нықтап орнатыңыз




- Иінтіректі (3) ерітінділерге арналған сұйыққоймадағы бөгетке (5) жалғаңыз




- Иіңтірекке (3) төменге қарай баса беріңіз, бұл кезде бекітуші тіліктер (2) шанақтағы ойықтарға (6) сарт етіп бекітілуге тиіс
- ерітінділерге арналған сұйыққойманың тығыз отырғанын тексеріңіз

### Айдама құбыр



- Бұрауышты басқару тұтқышындағы шланг қамытшасының (2) тілігіне (1) салыңыз
- Бұрауышты сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз – шланг қамытшасы (2) босатылады
- Шлангты (3) штуцерден алып тастаңыз




- Қондырманы (4) бұраңыз, бұл кезде шетмойын (5) жабылуы тиіс
- Қондырманы (4) айдама құбырдан (6) алып тастаңыз

### Бүрку атқарымына қайта жабдықтау


Қайта жабдықтау кері тәртіппен орындалады.

### Шлангты монтаждау



- Шлангты шланг қамытшасымен (2) бірге жетектің сабындағы штуцерге кигізіңіз
- Шланг қамытшасын (2) қысқаштардың көмегімен қысыңыз, бұл кезде ұстап тұратын төрткілдеш бекіту орнында бекітілуге тиіс болады


## Ерітінділерге арналған сұйыққойманы толтыру



372BA021 KN


